Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Мақтау сөздер айту» дидактикалық ойын <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-кұлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.	Дидактикалық ойын «карточканың қай бөлігінде орналасқан» заттар парақшаның әр бөлігінде орналасады. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері)	Кітаптарды қарату, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. (көркем әдебиет)	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Мен өскенде қандай техника ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. (көркем әдебиет)

Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау Техника құралдары туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.
------------------------	---

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2026 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.02.2026	Сейсенбі 17.02.2026	Сәрсенбі 18.02.2026	Бейсенбі 19.02.2026	Жұма 20.02.2026
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (тіл дамыту) . Сәлемдесіп балаға үш қорапты көрсету оларда оны сағынып күтіп отырған жануарлар суреті бар. Бала таңдап алған жануар суретін алып түрлі түсті қаламдармен бояуға жағдай жасау. «Апта дәйексөздері» Туған елдей ел болмас Туған жердей жер болмас				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс				

	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне, жануарларына күтім жасау) Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету (Қоршағана ортамен танысу, тіл дамыту) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар	«Тіл алмаудың кесірі» Мақсат-міндеттері: әңгімесін естеріне түсіру. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру: балалардың білетін жаттығуларын қайталап айтуын ұйымдастыру. (тіл дамыту)	«Ұлттық заттар»  Мақсат-міндеттері: оларды көрсетіп, оларда бейнеленген оюларды танып атау дағдысын пысықтау. «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді үйрету (сурет салу).	«Ғажайып қоржын» Мақсат-міндеттері: қоржыннан шыққан пішіндерді санау, салыстыру, топтан ұқсас заттарды табу дағдысын жетілдіру. (математика негіздері) <i>Қораңшаға не жасырғандар?</i> 	«Досыңды тауып ал» дидактикалық ойын <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.
Ертеңгілік жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (тіл дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қыс пен көктем мезгілі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка «Жыл мезгілдері» Мақсат-міндеттері: музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <i>Секіру:</i> 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу,	Музыка «Қош бол қыс» Мақсат-міндеттері: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Қазақ тілі Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттарды

		бұрылып секіру; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) <u>Қимылды ойын:</u> Орамал тастамақ	бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; <u>Қимылды ойын:</u> Күн шуақ және жаңбыр <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.	қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; <u>Қимылды ойын:</u> «Хан талапай»
	«Қай мезгіл» Мақсат-міндеттері: Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім	«Көктем мезгіліне дайындық». Мақсат-міндеттері: Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап	Кітап орталығындағы іс әрекеттер. Мақсат-міндеттері: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті	Мақсат-міндеттері: Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. (мүсіндеу) Қол бұйымдарының көрмесі «Өнерліміз, өркенбіз»	«Тәулік бөліктері» Мақсат-міндеттері: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру (математика негіздері)

	қалай дайындалады сұрау? Үй жануарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған әлеммен танысу)	мүсіндету. (мүсіндеу)	шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. (көркем әдебиет)	(тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	
2-ші таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті. Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтану.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Зерттеу әрекеті. Мақсаты: Балабақша ауласынан тастар, бұтақтар жинату, санау, салыстыру зерттеу. Геометриялық пішіндердің қайсысына	Құстарды бақылау. Мақсаты:Жылы жақтан ұшып келе жатқан құстар бар ма қарау. Олар қайда кетті және қайдан келеді сұрау. Құстар қалай ұшады көрсету. Ойын ойнау.	Өсімдіктерді бақылау. Мақсаты:Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде тірі және өлі	«Жануарлардың тіршілігі» Мақсат-міндеттері: олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын	Мақсат-міндеттері: Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. (көркем әдебиет) Ауладағы ағаштарды

	ұқсайтынын анықтату. (математика негіздері) Ұлттық ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	(қоршаған әлеммен танысу) Қарда құстардың суретін салу (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	табиғаттың жағдайын бақылату сипаттап түсіндіру. (қоршаған әлеммен танысу) Конструктордан көлік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	анықтау. (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Өз түсінді тап» «Қауіпсіздік ережелері» «Айналадағы әлем: бұл керемет жануарлар!» Үйдегі және ауладағы жануарлардың айырмашылығын үйрету.	санау, бақылау, салыстыру. (математика негіздері, қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (тіл дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (тіл дамыту) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату. Мақсат-міндеттері: Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)	«Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау» Мақсат-міндеттері: Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау (математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Тәулік бөліктері Мақсат-міндеттері: (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері)	Мақсат-міндеттері: Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (тіл дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Мақсат-міндеттері: Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) 
Балалармен жеке жұмыс	өзінің сыртқы келбетіне назар аударып, өз	бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар	геометриялық фигураларды және	қазақ халқының тұрмыстық заттарын	қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік

	бетінше реттеуін қалыптастыру	туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылауын қалыптастыру	геометриялық денелерді ажыратуға және атауға үйрету	мүсіндеуге қызығушылығын ояту	танытуын дамыту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Пішіндер әнін айтқызу «Торғай» тв (музыка) Еркін ойындар Бестемше үстел үсті ойынын ойнату	Еркін ойындар Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау; (Дене тәрбиесі)	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Балалардың қалауы бойынша дербес шығармашылық әрекеттер. Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Айырмашылығын тап», «Банкомат» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды,	Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Мақсат-міндеттері: Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (көркем әдебиет)	Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру)	«Бұйымдар» Мақсат-міндеттері: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне	«Қыс және көктем» Мақсат-міндеттері: Қыс және көктем мезгілдері тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (тіл дамыту)

	қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту			жағдай жасау. (құрастыру)	
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау Көктем мезгіліне дайындық туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2026 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.02.2026	Сейсенбі 24.02.2026	Сәрсенбі 25.02.2026	Бейсенбі 26.02.2026	Жұма 27.02.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы мейірімге бөлеп, амандасу дағдыларын жетілдіру. Бүгінгі көңіл күйі мен денсаулығы туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге мүмкіндік беру. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуіне жағдай жасау. (тіл дамыту). «Апта дәйексөздері» Бата менен ел көгереді Жаңбырменен жер көгереді				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Ата-аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпараттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы Балаларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған әлеммен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				

	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру мен үстел үсті ойындарын ойнату (пазлдар, домино, бестемше суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Балаларға «кітап» орталығында «Жыл мезгілдері» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын атауды, санауды үйрету. (көркем әдебиет)	«Өнер» орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты дамыту.	«Қыс мезгілімен қоштасу» Мақсат-міндеттері: Тақтада ілініп тұрған заттарды балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық жұмыс ұйымдастыру. Балалар өздері сұраққа жауап беріп алған заттарын жапсырып, қыс бейнесін жапсырады. (жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (суретін салу, қағаздан киіп жапсыру).	«Ғажайып кейіпкер» Мақсат-міндеттері: Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше тандап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет)
Ертеңгілік жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігін (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) жетілдіру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Аспан ашық көгілдір Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерге				

	Терезеден қарап тұр. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка «Көктем келе жатыр» Мақсат-міндеттері: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүруін дамыту	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> Негізгі қимылдар: Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру Секіру: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; Лақтыру, домалату, қағып алу: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру Секіру: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; <u>Қимылды ойын:</u>	Музыка «Аналар мерекесі» Мақсат-міндеттері: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу Қазақ тілі Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру Тепе-теңдікті сақтау: қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру Еңбектеу, өрмелеу: құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық

		қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; <u>Қимылды ойын:</u> Жалауға қарап жүгіру.	Кешікпе <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу		скамейкадан аттап өту. <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар
	«Қазақстанның көрікті жерлері» Мақсат-міндеттері: Қазақстанның көрікті жерлерінде түсірілген фото суреттерді көрсетіп, Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Суреттегі бейнеленген жерлер туралы айту. Өздерінің тұрып жатқан жерлерінің тағы қандай мезгілде әдемі болатынын сұрау. (қоршаған әлеммен	«Хат» Мақсат-міндеттері: Балаларға почта арқылы келген сыйлықты көрсету Ішін ашып көру үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп. Бірінші топтағы балаларға әр түрлі құрылымдарды құрастырғызу (құрастыру) Екінші топ балаларына құрастыру ойыншықтарын жұптастырып қою	«Көктем жаршысы» Мақсат-міндеттері: Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аударту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері)	«Ғажайып қоржын» Мақсат-міндеттері: Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір бір затты алу. Оның қандай екенін сипаттау (тіл дамыту)	Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу (сурет салу) Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерін санау. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Сандар патшалығына қонаққа бару. Карточкалармен жұмыс. Дидактикалық ойын «Көршісін тап» (математика негіздері)

	танысу) Қағаздан құрастыру: Мақсат-міндеттері: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым гүлдерді құрастыруды дамыту. (құрастыру)	арқылы оларды санату, салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтату. Сосын екі топтың балалары өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға айтып беруін ұйымдастыру. (математика негіздері және тіл дамыту) Балалардың қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Мақсат-міндеттері: Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. (Сурет салу) Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдатады. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқанда қораптың			
--	--	--	---	---	--

		астын ашса кәмпиттер бар екен. Балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру.			
2-ші таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті. Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтану.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еңбек. Топ ауласын қардан тазалау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: Күннің қандай болып тұрғанын айтқызу. Фетр матаға күннің шуақтарын жапсыру. (жапсыру) Көктем туралы ән тыңдап, бірге айтып, би билету. (музыка)	Айналаны бақылау. Мақсаты:Балалар айналаға қарандаршы, біз көктемнің келгенін қалай байқауымызға болады. Көктем тез келу үшін біз не істей аламыз. Көктем келгенше бір бірімізге жақсы жылы сөздер айтып үйренейік. (қоршаған әлеммен танысу) көктем туралы тақпақ жаттап көктемнің тез келуіне өз	Көктемнің қыстан айырмашылығын атауды үйрету. Мақсаты:Қарлардың ертіп ағып жатқан тамшыларын тамашалау. Ағаштарды құстарды бақылау. Қазанақияр, балгарский перец немесе баклажанның (немесе гүлдердің) дәндерін алып, кішкентай стаканчиктерге отырғызу. (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын:	Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері) Табиғи заттардан кеме құрастырып, қардың еріп ағып жатқан	Зерттеу. Мақсаты:Қар тез еріп кетуі үшін не істеуге болады. Тұзды қарға сеуіп көрсету. (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Кешікпе» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін

	Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Омпы»	септігімізді тигізейік Көктем Көктем қырға төрледі, Төрт-түлік мал төлдеді. Бейшешек құлпырып, Деп тұрғандай: көр мені. <i>К. Ыбрайұлы</i> (көркем әдебиет) Спорт залға келіп қимылды ойындар ойнап, спорттық жаттығулар жасау: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу	«Кім жылдам» Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	суына жүздірту (құрастыру) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (музыка) Қимылды ойын: «Кім жылдам»	пысықтау. (музыка)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (тіл дамыту, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға көктем туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, ұлттық мәдениетке қызығушылықты				

	арттыру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзби билету. тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсартуды көздеп балаларды үш топқа бөлу Бірінші топтағы балаларға «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдерінің суреті бойынша сипаттауды үйрету. Екінші топта балалар ермексазбен әр жыл мезгіліндегі ағаштар мүсінін	Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. (музыка) «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)	Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу. (қоршаған әлеммен танысу және сурет салу) Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату (мүсіндеу)	Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (тіл дамыту) Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы

	ермексаздан жасауын ұйымдастыру (тіл дамыту, мүсіндеу) Үшінші орталықта: жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. «Топтастыр» ойынын ойнату. Қыс және көктемнің киімдерін, заттарын топ болып арнайы екі қорапқа жинау, содан соң қуыршақ бейнесіне үйлестіріп қойып шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері)	жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру)			бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру) Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	адамның өмірі мен денсаулығы үшін Дене тәрбиесідың маңыздылығын түсіндіру	кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастыруын қалыптастыру	қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатуға талпындыру	ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнауды үйрету	ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарауға үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Қимылды ойын «Трамвай» «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке балалармен жұмыс.	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» «Көктем» тақпағын қайталау	Ұлттық ойын «Аударыспақ» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Бірғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) Еркін ойындар	Ұлттық ойын «Хан талапай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (тіл дамыту, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Достық көмек» дидактикалық ойын Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Көлік салоны» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Жыл мезгілдері ертегісін және көктем тақпағын естеріне түсіріп айту (тіл дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» дидактикалық ойын Бр баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну.				


	Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.
--	---

Ересек «Балдырған» тобы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2026 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 02.03.2026	Сейсенбі 03.03.2026	Сәрсенбі 04.03.2026	Бейсенбі 05.03.2026	Жұма 06.03.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (тіл дамыту) . «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру Апта дәйексөзі: Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру. Апта бойы жасалынатын жұмыстар туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (тіл дамыту) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған әлеммен танысу)				
	Бақылау. Мақсаты: Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр	«Мереке» Мақсат-міндеттері: Аналар мерекесі қалай өтеді? Аналарының	«Көмекші» Мақсат-міндеттері: Анымызға көмектің бірі	«8 наурыз халықаралық әйелдер күні» Мақсат-міндеттері: Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге,

	бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Ойын “Көктемгі санамақ”  @PERIZAT_YESZHAN	жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. Сәттер мен пілділер 	қуанышты сәттері туралы айту. оларды эмоциямен көрсетуді ұйымдастыру. (тіл дамыту) Буклет “8-наурыз”  @PERIZAT_YESZHAN	ойыншықтарымызды ойнап болған соң әдемі етіп жинап қою. Қане ортада қорапта тұрған ойыншықтарды өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырып көрейік деп тапсырманы орындату (математика негіздері)	өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу. Соның бірі 8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру. (қоршаған әлеммен танысу)
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (тіл дамыту) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар көктемнің күніндей жылы сөздерді бір біріне айтады. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка Аналар күні Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру	Музыка Наурыз Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру

	мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).	<i>Жүгіру:</i> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру; <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Бір-бірден сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Өз түсінді тап	<i>Жүгіру:</i> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Бір-бірден сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Тегіс жолмен	сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Қазақ тілі «Мереке» Мақсат-міндеттері: Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу	<i>Жүгіру:</i> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; <u>Қимылды ойын:</u> Арқан тартыс
«Бесік жыры» Мақсат-міндеттері: Бесік жырын тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Ойыншықтармен еркін ойындар ұйымдастыру (көркем әдебиет)	«Мерекелік ертеңгілік» Мақсат-міндеттері: Балардың ән айту, би билеп тақпақтар айтуын, ойындар ұйымдастыру (көркем әдебиет музыка, тіл дамыту) «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің	«Біздің ойыншықтар» Мақсат-міндеттері:Топтағы ойыншық сөресін реттеу керектігін айту. ойыншықтарды салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыру (математика негіздері) «Ата-аналарға қамқорлық жасау» до Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-	Анашым Мақсат-міндеттері: тақпақты жаттау. Айналайын анашым, Үлкейдім мен, қарашы. Маңдайымнан иіскеп ап, Шаштарымды тарашы. Ұйықтап алшы анам-ау, Шаршап келдің жұмыстан! Өлеңін оқып беру. Балалардан анасына қалай	«Көктем» Мақсат-міндеттері: Көктемнің алғашқы айы наурыз екенін. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді	

		қатысуымен челлендж «Қамқорлық гүлі» до Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.	аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.	көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет)	сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. (тіл дамыту) Буклет “Көктем”  @PERIZAT_YESZHAN
--	--	---	--	--	--

2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шаралар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.				
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Барлығына рахмет» челлендж қорытындысы бойынша марапаттау. Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында серуен. Құстардың да жануарлардың да анасы болатындығын түсіндіру. Анасы бар ма жоқ па бақылау, анықтау. (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен,	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) «Сипаттау» Мақсат-міндеттері: Балабақша ауласында серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). (математика негіздері) Ұлттық ойын «Ханталапай»	Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын Еңбек. Мақсаты: Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білуін пысықтау. (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). (қоршаған әлеммен танысу) Ұлттық ойын «Арқан тарту»	Еңбек Мақсаты: Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру. Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» «Ана туралы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	«Ұлттық бөлме» Мақсат-міндеттері: Ұлттық заттарды қазіргі таңда балабақшамыздың қай жерлерінен көруге болатынын айтып, көрсету. (қоршаған әлеммен танысу) Оларды санату, салыстыру (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»

	қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Құрастыру заттарынан еркін құрылымдар құрастырғызу. (құрастыру)				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жай, баяу музыка тыңдату. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ең жақсы сөз <i>Н.Жанаев</i> Мақсат-міндеттері: жаттау. Ең жақсы сөз – Ана, Ең жақсы сөз – Бала. Өсіп жатса бала, Ана оған пана. Аман болсын Ана, Аман болсын Бала. (тіл дамыту) Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Аналарына арналған білезік жасату. (мүсіндеу) Аналарға арналған ашық хатты безендіруін ұйымдастыру. (жапсыру) Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталату. (музыка)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік беру. (жапсыру) (сурет салу) (мүсіндеу) «Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй тыңдау.	Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша сурет салу, жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыру орындату ҮСТЕЛ ҮСТІ ОЙНЫ  #PERIZAT_YESZHAN	«Жеті лақ» Мақсат-міндеттері: Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. (көркем әдебиет және тіл дамыту) Балаларды орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс жасату (жапсыру) (сурет салу)	Балаларды екі орталыққа бөлу. Мақсат-міндеттері: Бірінші орталықта балаларға құрылыс материалдарынан киіз үй құрастыруды орындату. (құрастыру) Екінші орталықта шығармашылықпен қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды қиып жапсырады. (жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Бақылау күнтізбесінде ауа райын танып, белгілеуді үйрету.	Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық жылдамдық,	Қимылды ойындарда физикалық дамуды: күш,	Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауды үйрету	Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша

		пішіндерден өрнектер жасауды үйрету	шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетуін қалыптастыру		салыстыра білуін дамыту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. (қоршаған әлеммен танысу) Ұлттық ойын «Сақина жасыру.»	Ұлттық ойын «Сақина жасыру.» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)	Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету Қимылды ойын «Ханталапай»	Қимылды ойын «Поезд»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру (математика негіздері)	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Айырмашылығын тап», «Банкомат» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» до Ойынның мақсаты: адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай	«Досыңды тауып ал» до Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған	Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)

		көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	қасиеттері ұнайтынын қайтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.	құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.	
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауына жағдай жасау				

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2026 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.03.2026	Сейсенбі 10.03.2026	Сәрсенбі 11.03.2026	Бейсенбі 12.03.2026	Жұма 13.03.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (тіл дамыту) . «Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Апта дәйексөзі: Ата анаңа тіл тигізбе!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (тіл дамыту) Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
		«Ұлттық киімдер мен әшекейлер» Мақсат-міндеттері: Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай	«Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшы мен жасату. (музыка)	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» Мақсат-міндеттері: ертегісін естеріне түсіру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (тіл дамыту)	«Тұрмыстық заттар» Мақсат-міндеттері: Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атау. Олардың қызметі туралы әңгімелеп, көрсету. Олардың суретін салғызу. (қоршаған әлеммен)

		қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (тіл дамыту, математика негіздері) 			танысу, сурет салу) 
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Мақтау сөздер айту» дидактикалық ойын. Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге				

	тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды. «Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру; Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; <u>Қимылды ойын:</u> Арқан тартыс	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру Жүгіру: адымдап жүгіру, сапта бір-бірден жүгіру; Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Автобус <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.	Музыка Ұлттық аспаптар Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту Қазақ тілі Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі нтонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру Жүгіру: адымдап жүгіру, сапта бір-бірден жүгіру; Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру <u>Қимылды ойын:</u> Тегіс жолмен

		«Ұлттық киімдер мен әшекейлер» Мақсат-міндеттері: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. Не үшін ұнағанын сұрау, сипаттау (қоршаған әлеммен танысу) Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу) Ойын «Ұлттық атаулар» 	«Қамшы» Мақсат-міндеттері: қамшымен таныстыру. Бөліктерін атау, тану. Оны кеңістікте орналастыру арқылы анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері)	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбектің наны тәтті» шебердің еңбегімен таныстыру, ересектердің еңбегін бағалауды үйрету. «Сандық, кебеже, қоржын» Мақсат-міндеттері:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Киіз үй бейнесін дұрыс орналастырып жапсырту. (жапсыру)	«Киіз үй» Мақсат-міндеттері: киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Әдептілік белгісі –іліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. Бірлікбар жерде – тірлік бар. (тіл дамыту) 
2-ші таңғы ас	Тамақтану алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтану дағдыларын пысықтау				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафттарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Бақылау.	Еңбек.	Бақылау.	Балабақшаның ұлттық

		Мақсаты: Ауа райын тамашалату. Көктемнің алғашқы белгілерін байқату. (қоршаған әлеммен танысу) Ұлттық ойын «Хан талапай» «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Балабацқша ауласындағы ағаш бұтақтарын жинау, тазалық жұмыстарын жасау. Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастыруды үйрету. (құрастыру) Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Мақсаты: Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді таптырту. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» кеме мен ұшақтардың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	бұрышына барып, қонақ күту ойынын ойнату. (көркем әдебиет) Ұлттық бұрыштағы заттарды тану, санату, салыстыру. (математика негіздері) Ұлттық ойын «Сақина жасыру»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка) «Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға ,жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, суды үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Максат-міндеттері: Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру. (мүсіндеу) Сақина салу ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. (көркем әдебиет) Құрылыс	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларында ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу)	Әшекей бұйымдардың суретін салғызу. (сурет салу) Қазақ халқының бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (құрастыру)	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)

		материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)			
					
Балалармен жеке жұмыс		Тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуға талпындыру	Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды түсіндіру	«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды үйрету	Сыпайы түрде өз мөтінішін білдіріп, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуын дағдыландыру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Ұлттық ойын «Орамал тастамақ» Қауіпсіздік ережелері: «Мен және бөгде ересек адам» Сенімділік шеңберлері,

					ересектердің ережесі: егер бейтанысадам есікті қақса, не істеу керек? Тақырыбында балалармен әңгімелесу, рөлдік ойындар өткізу. (қоршаған әлеммен танысу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		«Сиқырлы дүрбі» до Ойынның мақсаты: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.	Мақсат-міндеттері: Барлығына «Наурыз» тақпағын жаттату. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. (көркем әдебиет)	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері турғысынан бағалату (көркем әдебиет)	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. (жапсыру)

Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауы
-------------------------------	---

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2026 жыл 3 апта

Күн тәртібінің ндeрі	Дүйсенбі 16.03.2026	Сейсенбі 17.03.2026	Сәрсенбі 18.03.2026	Бейсенбі 19.03.2026	Жұма 20.03.2026
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (тіл дамыту) . «Күй күмбірі» - музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау Апта дәйексөзі: Ізгі сөзден ес кіреді ойыңа				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрылыс материалдарынан, «лег» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. (құрастыру) Кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастырту. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				

	«Кұстар туралы ертегі» Мақсат-міндеттері: Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)  Макет "Өз-Наурыз"	«Тәулік бөліктері» Мақсат-міндеттері: (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күн тәртібі бейнеленген суреттерге ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын жапсырту. (математика негіздері) 	«Көктем» Мақсат-міндеттері: көктем мезгілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған әлеммен танысу, сурет салу) 	«Бәйтерек» Мақсат-міндеттері: Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ мақылын мнемо кесте арқылы көрсетіп түсіндіру. Бәйтерек ағашы туралы фильм суреттер қарату. (тіл дамыту)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. (шығармашылық әрекеттер) "нахқатәб сымған" ный0  МАНЗІЛ_ТАЛАН
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Суды үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (тіл дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар? Атап беріңдер?деп сұрақтар қойып Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылату. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка Көктем Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <u>Жүру:</u> сапта бір-бірден жүру <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> сызықтардың, арқанның бойымен жүру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <u>Жүру:</u> сапта бір-бірден жүру <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап	Музыка Наурыз Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын,	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <u>Жүру:</u> сапта бір-бірден жүру <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап

		Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар	еңбектеу; Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Арқан тарту	сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	еңбектеу; Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Хан талапай
	«Балабақша ауласына серуен» Мақсат-міндеттері: серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі – құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған әлеммен танысу) «Жеке құстарды және бірдей құстар»	«Жаңбыр» Мақсат-міндеттері: Терезеге қарап жаңбырды тамашалату. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйғызу (тіл дамыту және қоршаған әлеммен танысу)	«Бақша ағаштары» Мақсат-міндеттері: әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет) 	Ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттері: Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексизден жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)	Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Екінші орталықты дербес шығармашылық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. (сурет салу).

	Мақсат-міндеттері: оларды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салдырту (сурет салу).				
2-ші таңғы ас	Тамақану алдын қолдарын жуу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	5-ке дейін реттік санату Мақсат-міндеттері: санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. (математика негіздері) Ұлттық ойын «Хан талапай» Наурыз туралы ән айту. (музыка)	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Бақылау. Мақсаты: Ауладағы ағаштарды бақылату, салыстыру, көктемде қалай өзгеріп жатқанын бақылату. Өсімдіктер, оларға күтім жасату (жерді қопсыту, суарту, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерімен енбек дағдыларын дамыту. (қоршаған әлеммен	5-ке дейін реттік санау Мақсат-міндеттері: санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. (математика негіздері) «Наурыз – жыл басы!» ертеңгілік. Ұлттық ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Бақылау. Мақсаты: Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған әлеммен танысу) Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салуды ұйымдастыру. (сурет салу)	Көктемгі ағаштарды бақылату. Мақсаты: Олардағы өзгерістерді бақылату үшін әр балаға ағаштардың айырмашылық белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған әлеммен танысу) Ұлттық ойын «Сақина жасыру» «Қауіпсіздік ережелері» -

	Еркін ойындар	танысу) Еңбек. Наурыз мерекесі қарсаңындағы тазалық жұмыстары. Ұлттық ойын «Орамал тастамақ»		Қимылды ойын «Поезд» Еңбек. Балабақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерге күтім жасау.	қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (тіл дамыту)				
Күндізгі ұйқы	. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру (көркем әдебиет) «Күй күмбірі» - музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Құстардың мүсінін жасату, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру) Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) 	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) «Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй тыңдау.	Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (тіл дамыту) Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексизден жасап, немесе қағаздан қиып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)	«Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ертегіні сахналату (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Көктемдегі Маша мен аю» ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрату (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнауға қызықтыру	Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруын жетілдіру	5 көлемінде санап, сандарды ретімен атауын дамыту	Ұлттық би өнеріне қызығушылық танытып, би қимылдарын орындауын дағдыландыру	Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатуға талпындыру

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Үйге көлікпен қайтатындарын айту. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Ұлттық ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір» Ұлттық ойын «Орамал тастамақ»	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Таныс ертегі қойылымын жасату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Әжемнің ертегілері» Қонаққа келген әженің ертегісін тыңдау.	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар «Теңге алу», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол	Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка) «Паровоз» дидактикалық ойын Ойынның мақсаты: ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір бірін шынтағынан	Санау, салыстыру Мақсат-міндеттері: Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыру. (математика негіздері)	«Күй күмбірі» - шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)

		моторикасын дамыту	ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету.		
Балалардың үйге қайтуы	Жыл басы наурыз туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы баяндау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауы				

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2026 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.03.2026	Сейсенбі 24.03.2026	Сәрсенбі 25.03.2026	Бейсенбі 26.03.2026	Жұма 27.03.2026
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін мен денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (тіл дамыту) . «Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру Апта дәйексөзі:Ізгі іс істе де, міндет қылма				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата –аналармен пікірлесу. Көктем мезгіліне лайықты киім кию туралы кеңес беру.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс.				
				Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары 	Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру «Секірімек» ойыны 
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сүмен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (тіл дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер				Музыка Ұлттық аспаптар Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту Қазақ тілі Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру <i>Жүгіру:</i> шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; <i>Секіру:</i> бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру</i> бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Поезд
				«Ғажайып қоржын» Мақсат-міндеттері:	Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап»

				қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері) Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (кұрастыру)	Мақсат-міндеттері: Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру (тіл дамыту) Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)
2-ші таңғы ас	Қолдарын сүмен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен				Балабақшаның сыртындағы	Табиғатты бақылау Мақсаты: бақылау

				көліктерге назарларын аударту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. «Полиция» ойынын ойнату. (қоршаған әлеммен танысу) «Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу (мдұ ішілік) Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып,көрсетіп таныстыру (қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

	Ереже айту. (тіл дамыту) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Күндізгі ұйқы	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. «Күй күмбірі» - музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру Әр түрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салғызу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру.


				қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (тіл дамыту, көркем әдебиет)	(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс				Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнауды үйрету	Ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға тұқыпты қарауға үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен				Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд» Ұлттық ойын «Хан талапай»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Көлік салоны» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау, сұхбаттасу Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауы				

Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2026 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.03.2026	Сейсенбі 31.03.2026	Сәрсенбі 01.04.2026	Бейсенбі 02.04.2026	Жұма 03.04.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. (тіл дамыту). «Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Апта дәйексөзі: Кітап алтын қазына				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған әлеммен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).	«Жылдам жаса» ойынын ойнау. Үш бала жүргізуші, қалғандары орындаушы. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Балалардың бірі отыр, жүр, жүгір дегенді ретімен ауысытып айтады. Балалар орындайды. Дұрыс жасамаған бала айыбыны	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан ұшақ, ай немесе жұлдызды құрастыруды үйрету.	Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	



	 "Дәлдемек"-ойыны		ән немесе тақпақ айтып береп өтейді.. (тіл дамыту)	(құрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды пысықтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Аспан әлемі туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту)				

